



**№4 (62)
2020**

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәріпбеков Р.Қ. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Конько В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Ресей)
Примаев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек, Қырғызстан)

Журнал редакциясы

Джамбуриш К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ерлешева Д.Т.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж. 25.06.2019 ж.
(Алашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев к., 12/1
«Сулы-жасыл желекжол» БО
тел.: 8 (7172) 57-03-42

www.zqai.kz

E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Qazaqstan Respublikasy Zaınnama jáne quqyqtyq aqparat institutyynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal

Редакция бағанасы

Конституциялық және әкімшілік құқық

- Р.Қ. СӘРІПБЕКОВ** Құқықтық кеңістікті цифрландыру.....12
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ Парла-
менттің заң шығару функциясы: нысаналы құзыреттілігінің кейбір мәсе-
лелері.....25
С.К. ИДРЫШЕВА Қазақстан Республикасының заңнамалық ак-
тілерінде мемлекеттік тілді қолдану саласындағы конституциялық заң-
дылықтың жай-күйі.....35
С.К. УКИН, Н. САУЛЕН Қазақстан Республикасында нормативтік
құқықтық актілердің күшіне енуіне және қолданысқа енгізілуіне заңдық
талдаудың кейбір мәселелері.....42
Б.А. ҚАЛМЫРЗАЕВ, Қ.Т. БИТЕМИРОВ, Б. НАҚЫПОВ Қа-
зақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі тұрғысынан діни экстре-
мизмнің өзектілігін зерделеу мәселесі (Қазақстан Республикасының
Терроризмге қарсы орталығы қызметі шеңберінде).....48

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

- Е.В. ГОРЯЧЕВА** Заңды тұлғалар туралы заңнаманы қолданудың
кейбір мәселелері.....61
С.А. ӘКІМБЕКОВА, М.Ж. БЕКТҰРҒАНОВ Қазақстан Республи-
касы Жоғарғы соты жанындағы халықаралық кеңес және оның азамат-
тық процестегі рөлі.....66
Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ Мемлекеттік университеттердің азаматтық
құқықтық мәртебесінің реформасы: теориялық және практикалық мәсе-
лелер.....73

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

- Д.А. ФИНК, А.В. ПИПТЮК** Адвокаттың сотқа дейінгі тергеу са-
тысында дәлелдеуге қатысуы (Қазақстан Республикасы мен Ресей Феде-
рациясының материалдары бойынша).....82
К.Х. РАХИМБЕРДИН, Ю.Р. ГЕТА Қазақстандағы пробация: қазір-
гі кезеңдегі қалыптасу мен дамудың бірегей тәжірибесі.....91
Н.Ж. АҒЫБАЕВ, Н.Қ. ИМАНҒАЛИЕВ Пенитенциялық жүйеде
азаптауларды тергеу кезінде дәлелдемелерді процестік бекітудің кейбір
мәселелері.....96

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

- Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ, А.Е. ӘБДІРАЙЫМОВА** Қазақстанның
жаңа экономикалық бағытының маңызды құрамдасы ретінде адамның
жеткілікті дәрежеде тамақтану құқығын қамтамасыз ету.....104
Д.Б. АБДИЛЬДИНА, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Қазіргі әлемдегі цифр-
лық кеңістіктегі сөз бостандығының кейбір аспектілері туралы.....112
Т.В. ГАШНИКОВА Беларусь Республикасының және Еуразиялық
экономикалық одаққа мүше басқа да мемлекеттердің заңнамасы бойын-
ша экологиялық нормалау шектері туралы.....118
Э.С. АБДРАХМАНОВА Халықаралық азаматтық процестік
құқықтың заңнама жүйесіндегі орны мен рөлі.....125

Құқықтық мониторинг

С.И. КЛИМКИН, Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы заңнаманың тиімділігін қоғамдық мониторингті іске асыру аясында талдау.....	132
А.Ө. ҚАЛИЕВА Заңдардың тиімділігін заңнама сапасын арттыру құралы ретінде талдау.....	142

Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан

Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселесі туралы.....	150
Н.А. ХАМЗИНА Заң шығармашылығындағы кейбір оң беталыстар.....	156

Ғылыми өмір хроникасы

«Қазақстан Республикасының конституциясы – қоғам мен мемлекетті әлеуметтік жаңғыртудың іргелі негізі» online-халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 26 тамыз.....	160
Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасында Қоғамдық сананы жаңғырту аясында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру және нығайту» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 1-2 қыркүйек.....	166
Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтында өткізілген көрмелер туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл.....	170

«Жаршының» архивтік беттері

Ғ.С. САПАРҒАЛИЕВ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы кейбір пікірлер (ҚР ЗИ Жаршысы №1-2006 ж. - 5-8 бб.).....	173
Д.Б. ТЕБАЕВ Академик Ғ.Сапарғалиевтің Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	177

Есімнама

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.О. Құлжабаеваның мерейтойына орай.....	180
---	-----

Библиография

Р.С. Бевзенконың «Введение в российское право недвижимости». Вып. 2: «Принцип единства судьбы прав на земельный участок и на строения на нем» атты кітабына рецензия – М.: М-Логос, 2020. — 99 б.....	181
---	-----

Даналық ойлар	182
----------------------------	-----



**№4 (62)
2020**

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации Республики
Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпиев Р.К. (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Узила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный деятель
культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан, Казах-
стан)
Князова А.Ж. – (Нур-Султан, Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Камен-
огорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала

Джамбулшин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29
Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан
(Первичная постановка на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, ул. Д. Конаева, 12/1
БЦ «На Водно-зеленом бульваре»
тел.: 8 (7172) 57-03-42
www.zqai.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал

Колонка редакции.....8

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Цифровизация правового пространства.....12
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.А. КАРАЕВ Законо-
дательная функция парламента: некоторые вопросы предметной компе-
тенции.....25

С.К. ИДРЫШЕВА Состояние конституционной законности в сфере
применения государственного языка в законодательных актах Респу-
блики Казахстан.....35

С.К. УКИН, Н. СӘУЛЕН Некоторые вопросы юридического анали-
за вступления в силу и введения в действие нормативных правовых актов
в Республике Казахстан.....42

Б.А. ҚАЛМУРЗАЕВ, Қ.Т. БИТЕМИРОВ, Б. НАКИПОВ К вопро-
су об актуальности изучения религиозного экстремизма в контексте на-
циональной безопасности Республики Казахстан (в рамках Антитеррори-
стического центра Республики Казахстан).....48

Гражданское и гражданско-процессуальное право

Е.В. ГОРЯЧЕВА Некоторые проблемы применения законодатель-
ства о юридических лицах.....61

С.А. АКИМБЕКОВА, М.Ж. БЕКТУРГАНОВ Международный совет
при Верховном Суде Республики Казахстан и его роль в гражданском
процессе.....66

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Реформы гражданско-правового статуса госу-
дарственных университетов: теоретические и практические вопросы.....73

Уголовное право и уголовный процес

Д.А. ФИНК, А.В. ПИПТЮК Участие адвоката в доказывании на
стадии досудебного расследования (по материалам Республики Казах-
стан и Российской Федерации).....82

К.Х. РАХИМБЕРДИН, Ю.Р. ГЕТА Пробация в Казахстане: уни-
кальный опыт становления и развития на современном этапе.....91

Н.Ж. АГИБАЕВ, Н.К. ИМАНГАЛИЕВ Некоторые вопросы про-
цессуального закрепления доказательств при расследовании пыток в пе-
нитенциарной системе.....96

Международное право и сравнительное правоведение

Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, А.Е. АБДИРАЙЫМОВА Обеспечение
прав человека на достаточное питание как важнейшая составляющая но-
вого экономического курса Казахстана.....104

Д.Б. АБДИЛЬДИНА, М.Ж. КУЛИКПАЕВА О некоторых аспектах
свободы слова в цифровом пространстве в современном мире.....112

Т.В. ГАШНИКОВА О пределах экологического нормирования по
законодательству Республики Беларусь и других государств-членов Ев-
разийского экономического союза.....118

Э.С. АБДРАХМАНОВА Место и роль международного гражданско-
го процессуального права в системе законодательства.....125

Правовой мониторинг

С.И. КЛИМКИН, А.Г. КАЗБАЕВА Анализ эффективности законодательства Республики Казахстан о Национальной палате предпринимателей в свете реализации общественного мониторинга.....	132
--	-----

А.У. КАЛИЕВА Анализ эффективности законов как инструмент повышения качества законодательства.....	142
--	-----

Из практики законотворчества на государственном языке

Г.К. АКЫЛБЕКОВА Об обеспечении аутентичности текстов законов на казахском и русском языках.....	150
--	-----

Н.А. ХАМЗИНА Некоторые положительные тенденции в законотворчестве.....	156
---	-----

Хроника научной жизни

Информационное сообщение об online-международной научно-практической конференции «Конституция Республики Казахстан – фундаментальная основа социальной модернизации общества и государства», г. Нур-Султан, 26 августа 2020 года.....	162
---	-----

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания», посвященной 25-летию Конституции Республики Казахстан, г. Нур-Султан, 1-2 сентября 2020 года.....	167
--	-----

Информационное сообщение о выставках, проведенных в Институте законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Нур-Султан, 2020 год.....	171
---	-----

Архивные страницы «Вестника»

Г.С. САПАРГАЛИЕВ Некоторые соображения о местном самоуправлении в Республике Казахстан (статья в Вестнике ИЗ РК №1-2006 г. - С. 5-8).....	173
--	-----

Д.Б. ТЕБАЕВ Возвращаясь к научной публикации академика Г. Сапаргалиева о местном самоуправлении в Республике Казахстан.....	177
--	-----

Персоналии

К юбилею кандидата юридических наук, доцента Кулжабаевой Ж.О.....	180
---	-----

Библиография

Рецензия на книгу Бевзенко Р.С. Введение в российское право недвижимости. Вып. 2: Принцип единства судьбы прав на земельный участок и на строения на нем. - Москва: М-Логос, 2020. — 99 с.....	181
--	-----

Мудрые мысли	182
---------------------------	-----



№4 (62)
2020

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute
of Legislation and Legal information
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894 from
05.30.2013)

Editorial Council members
Sarpekov R.K. (Nur-Sultan, Kazakhstan) –
(Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Murmetov G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Chief Editor
Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiyembetov M.A. – Honored Worker of Culture
of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kiyazova A.Zh. – (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Nurmagambetov R.G. – PhD
(Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk,
Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyr-
gystan)

The editorial staff
Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media
№17761-G from 25.06.2019 from
the Information Committee of the Ministry
of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration №6592-
Zh.07.09.2005.)

Address:
The Republic of Kazakhstan,
010000, Nur-Sultan, D. Konaev str., 12/1
BC «On the water-green boulevard»
tel.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal

Editorial.....10

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Digitalization of the legal space.....	12
L.T. ZHANUZAKOVA B.K. NURGAZINOV, A.A. KARAEV Legislative function of the parliament: some of the issues of substantive competence.....	25
S.K. IDRYSHEVA State of constitutional legality in the sphere of state language application in the legislative acts of the Republic of Kazakhstan.....	35
S.K. UKIN, N. SAULEN Some questions a legal analysis of the entry into force and enactment of regulatory legal acts in the Republic of Kazakhstan.....	42
B.A.KALMYRZAEV, K.T. BITEMIROV, B. NAKIPOV On the relevance of studying religious extremism in the context of national security of the Republic of Kazakhstan (within the framework of the Anti-terrorist center of the Republic of Kazakhstan).....	48

Civil and Civil Procedure Law

Y.V. GORYACHEVA Some problems in applying the law on legal entities.....	61
S.A. AKIMBEKOVA, M.ZH. BEKTURGANOV International council of the Supreme court of the Republic of Kazakhstan and its role in civil proceedings.....	66
B.O. ALTYNBASOV Reforms of the civil legal status of public universities: theoretical and practical issues.....	73

Criminal law and Criminal procedure

D.A. FINK, A.V. PEPTYUK Participation of a lawyer in evidence at the pretrial investigation stage (based on the materials of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation).....	82
K.KH. RAKHIMBERDIN, J.R. GETA Probation in Kazakhstan: unique experience of formation and development at the present stage.....	91
N.ZH. AGIBAYEV, N.K. IMANGALIEV Some issues of procedural consolidation of evidence in the investigation of torture in the penitentiary system.....	96

International law and Comparative law

Y.A. ABAIDELDINOV, A.Y. ABDIRAIYMOVA Ensuring the human right to adequate food as an essential part of Kazakhstan's new economic course.....	104
D.B. ABDILDINA, M.ZH. KULIKPAEVA Some aspects of freedom of speech within digital space in the modern world.....	112
T.V. GASHNIKOVA On the framework of environmental normalization under the legislation of the Republic of Belarus and other member states of the Eurasian economic union.....	118
E.S. ABDRAKHMANOVA The place and role of International civil procedure law in the legal system.....	125

Legal monitoring

S.I. KLIMKIN, A.G. KAZBAYEVA Analysis of the effectiveness of legislation of the Republic of Kazakhstan on National chamber of entrepreneurs in the light of implementation of public monitoring.....132

A.U. KALIEVA Analysis of the effectiveness of laws as a tool to improve the quality of legislation.....142

From the lawmaking practice in the official language

G.K. AKYLBEEKOVA On ensuring the authenticity of the law texts in kazakh and russian languages.....150

N.A. KHAMZINA Some positive trends in law-making.....156

The Chronicle of Scientific Life

Informational note about online-international scientific and practical conference «The Constitution of the Republic of Kazakhstan is the fundamental basis for the social modernization of society and the state», Nur-Sultan, August 26, 2020.....164

Information note on the international scientific and practical conference «Formation and strengthening in the Republic of Kazakhstan of the professional legal culture of civil servants in the light of the modernization of public consciousness», dedicated to the 25th anniversary of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, September 1-2, 2020.....168

Informational note about exhibitions held at the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan city of Nursultan, 2020.....170

The archive pages of the«Bulletin»

G. SAPARGALIYEV «Some considerations on local self-government in the Republic of Kazakhstan» (article in the Bulletin of the IL RK No. 1-2006 - P. 5-8).....173

D.B. TEBAYEV Returning to academician G. Sapargaliyev's scientific publication on self-government in the Republic of Kazakhstan.....177

Personalities

For the anniversary of the candidate of legal Sciences, associate Professor Zh.O. Kulzhabaeva.....180

Bibliography

Review of the book Bevzenko R.S. Introduction to Russian real estate law. 2: the principle of unity of the fate of rights to land and buildings on it. - Moscow: M-Logos, 2020. - 99 p.....181

Wise thoughts.....182

УДК 340.13

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛУІНЕ ЗАҢДЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сымбат Кенжебекұлы Укин

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, мемлекет және құқық теориясы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., e-mail: justitia8@mail.ru

Нұржан Сәулен

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты, конституциялық, әкімшілік заңнама және мемлекеттік басқару бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, PhD докторы, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: nuri_saulen@mail.ru

Түйін сөздер: нормативтік құқықтық акт, заң, промульгация, күшіне енді, қолданысқа енгізілді, қолдану.

Аннотация. Бұл мақалада авторлар нормативтік құқықтық актілерді іске асыру мәселелерін баяндайды. Мақалада Қазақстан Республикасында қалыптасқан нормашығармашылық және құқық қолдану практикасы заңның немесе өзге де актінің күшіне енуі әлі де осы актіні басшылыққа алуға болатынын білдірмейтінін көрсетеді. Бұл ретте мақалада кеңес уақыты кезеңінде Қазақстанның заңнамалық актілерінде белгілі бір заңнамалық актіні қолданысқа енгізудің нақты күндерін көрсете отырып, «қолданысқа енгізіледі» терминологиясы пайдаланыла бастағанына назар аударылады.

Авторлар, егер заң Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енсе, онда бұл, біріншіден, заң шығару процесінің барлық сатыларынан өткенін және қабылдау рәсіміне байланысты түпкілікті заңды нысанды - Конституциялық заңның немесе Кодекстің немесе заңның өзін, екіншіден, мемлекет басшысы заңды мақұлдағаннан кейін заңның барлық қажетті деректемелерімен ресми сипатқа ие екенін білдіреді.

Заңның немесе өзге де актінің күшіне енгізілуіне келетін болсақ, бұл авторлардың пікірінше, заң заңды күшіне ие болып қана қоймай, құқық беру, міндеттерді жүктеу және құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті белгілеу арқылы құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастарға да ықпал етеді. Сондықтан мақалада заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу ғана заңды қолданудың ғана емес, сонымен қатар барлық өзге нысандарда іске асырудың құқықтық негізі болып табылатыны атап өтіледі.

Бұдан басқа, авторлар қоғамдық қатынастарды неғұрлым тиімді құқықтық реттеу мақсатында мынадай сипаттағы ұсыныс енгізу қажет екендігін атап өтеді: заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні олар күшіне енгенге дейін қолданысқа енгізбеу, заң немесе өзге де акт күшіне енгеннен кейін немесе бір мезгілде қолданысқа енгізу.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЮРИДИЧЕСКОГО АНАЛИЗА ВСТУПЛЕНИЯ В СИЛУ И ВВЕДЕНИЯ В ДЕЙСТВИЕ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Укин Сымбат Кенжебекович

Доцент кафедры теории государства и права Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова, кандидат юридических наук, доцент, Республика Казахстан, г. Костанай, e-mail: justitia8@mail.ru

Саулен Нуржан

Ведущий научный сотрудник отдела конституционного, административного законодательства и государственного управления Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, доктор PhD, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: nuri_saulen@mail.ru

Ключевые слова: нормативный правовой акт, закон, промульгация, вступил в силу, введен в действие, применение.

Аннотация. В данной статье авторами освещаются вопросы реализации нормативных

правовых актов. В статье отмечается, что сложившаяся нормотворческая и правоприменительная практика в Республике Казахстан указывает на то, что вступление в силу закона или иного акта ещё не означает, что можно руководствоваться данным актом. При этом в статье обращается внимание на то, что начиная примерно со второй половины 90-х годов прошлого столетия в законодательных актах Республики Казахстан стала использоваться терминология «вводится в действие», с указанием конкретных дат введения в действие того или иного законодательного акта.

Авторы полагают, что если закон вступают в силу после их подписания Президентом Республики, то это во-первых, означает, что закон прошел все стадии законодательного процесса и обрёл окончательную юридическую форму в зависимости от процедуры принятия – форму или конституционного закона, или кодекса, или собственно закона, и, во-вторых, после одобрения закона главой государства закон обладает официальным характером со всеми необходимыми реквизитами.

Что же касается введения в действие закона или иного акта, то это, по мнению авторов, означает, что закон не только приобрёл юридическую силу, но и оказывает воздействие на общественные отношения, подлежащие правовому регулированию путём предоставления прав, возложения обязанностей и установлением ответственности за совершение правонарушения. Поэтому в статье отмечается, что только введение в действие закона или иного нормативного правового акта является правовым основанием не только применения, но и реализации закона во всех иных формах.

Кроме того, авторы отмечают, что с целью более эффективного правового регулирования общественных отношений представляется необходимым внести предложение следующего характера: не вводить в действие закон или иной нормативный правовой акт до их вступления в силу, а вводить в действие после или одновременно со вступлением в силу закона или иного акта.

SOME QUESTIONS A LEGAL ANALYSIS OF THE ENTRY INTO FORCE AND ENACTMENT OF REGULATORY LEGAL ACTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Ukin Simbat Kenzhebekovich

Associate Professor of the Department of theory of state and law of A. Baitursynov Kostanay state University, candidate of law, Republic of Kazakhstan, Kostanay, e-mail: justitia8@mail.ru

Saulen Nurzhan

Leading researcher of the Department of constitutional, administrative legislation and public administration of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, PhD, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: nuri_saulen@mail.ru

Keywords: normative legal act, law, promulgation, entered into force, entered into force, application.

Abstract. In this article, the authors cover the implementation of regulatory legal acts. The article notes that the established normative and law enforcement practice in the Republic of Kazakhstan indicates that the entry into force of a law or other act does not mean that it is possible to be guided by this act. This article draws attention to the fact that as of the second half of 90-ies of the last century in the legislation of the Republic of Kazakhstan began to use the terminology «enforced», indicating the specific dates the enactment of a legislative act.

The authors believe that if the law comes into force after it is signed by the President of the Republic, it first means that the law has passed all stages of the legislative process and has acquired a final legal form, depending on the adoption procedure-the form of a constitutional law, a code, or a law itself, and, secondly, after the approval of the law by the head of state, the law has an official character with all the necessary details.

As for the introduction of a law or other act, this, according to the authors, means that the law has not only acquired legal force, but also has an impact on public relations that are subject to legal regulation by granting rights, imposing duties and establishing responsibility for the Commission of an offense. Therefore, the article notes that only the introduction of a law or other normative legal act is the legal basis not only for the application, but also for the implementation of the law in all other forms.

In addition, the authors note that for the purpose of more effective legal regulation of public

relations, it is necessary to make a proposal of the following nature: not to enact a law or other normative legal act before their entry into force, but to enact it after or simultaneously with the entry into force of a law or other act.

Қазақстанда нормативтік құқықтық акт, көптеген елдеріндегідей романо-германдық құқықтық жүйеде құқықтың негізгі қайнар көзі болып қала береді, Қазақстан Республикасының аумағында дәлірек айтсақ, Нұр-Сұлтан қаласының шегінде құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығында екі жыл бойы ерекше құқықтық режим қолданылып келеді, онда Англия мен Уэльс құқығының қағидаттары, нормалары мен прецеденттері қолданылады.

Құқықтың жалпы теориясы саласында «нормативтік құқықтық акт» дефинициясының көптеген доктриналық анықтамалары болғандықтан, қазақстандық заң шығарушы бұл ұғымды алғаш рет «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңында бекітті¹, содан кейін бұл анықтама «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңында² бекітілген.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 25) тармақшасына сәйкес «нормативтік құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және сонымен бірдей электрондық құжат».

Бұл қазақстандық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына барынша реттеуші ықпал ететін нормативтік құқықтық акт. Баршамызға белгілі, нормативтік құқықтық актілер әртүрлі негіздермен, яғни заңды күші, мазмұны, заң шығару субъектілері, уақыты мен қолданылу аясы және т. б. бойынша жіктеледі.

Қазақстан Республикасында 1995 жылғы Конституцияда³ парламент шығаратын заңдармен реттелетін қоғамдық қатынастар шеңбері (тізбесі) белгіленген (61-баптың 3-тармағы). Осы тізбеге кірмеген өзге де барлық қатынастар заңға тәуелді актілермен реттеледі. Бұл мән-жай көптеген жағдайларда мемлекеттің атқарушы-өкімдік органдары шығаратын заңға тәуелді актілер санының артуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамасының серпінді дамуы Қазақстанның құқық шығармашылығы саласындағы құқықтық жүйесі «нормативтік құқықтық актінің күшіне енуі» және «нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу» сияқты ұғымдарды бөлуімен сипатталады. Аталған дефинициялардың заңды талдауына қысқаша тоқталайық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 8-тармағы республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі деп белгілейді. Осы конституциялық норманың негізінде жоғарыда аталған «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының күші жойылған Заңының орнына келді.

Айта кету керек, кез-келген нормативтік құқықтық акт, оның мазмұнына қарамастан, белгілі бір дәрежеде адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне әсер етеді, себебі ол адамдар мен ұйымдардың мінез-құлқын реттеуге бағытталған. Бұл ретте республика Конституциясының

4-бабының 4-тармағы «Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады» деген ережені бекітеді. Нормативтік құқықтық актілерде тек құқық нормалары бар және құқық теориясынан қолданудың пайдалану, орындау және сақтаудан айырмашылығы құқық нормаларын іске асырудың ерекше нысаны екендігі белгілі.

Бұл ретте мынадай мәселелер туындайды: 1) нормативтік құқықтық актінің күшіне енуі осы актіні қолданудың құқықтық негізі болып табыла ма? 2) «күшіне енді» және «қолданысқа енгізілді» ұғымдарынан нені түсіну керек? 3) нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу осы актіні қолдану үшін жалғыз құқықтық негіз болып табыла ма? 4) өзінің мағыналық жүктемесі бойынша «күшіне енді» және «қолданысқа енгізілді» дефинициясы сәйкес келе ме, әлде бұл әртүрлі ұғымдар ма?

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат. (Осы Заңның күші жойылды - автордың ескертуі).

² «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // [Электрон. ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (2019 жылғы 23 наурыздағы өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрон. ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

Осы мәселе бойынша 2002 жылы И.Ю. Лоскутовтың «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «... күшіне енуі» және «... қолданысқа енгізілуі» атты мақаласы шыққан [1]. Атап айтқанда, ол былай деп жазады: «... өкінішке орай, мемлекеттік органдардың көпшілігі әлі күнге дейін олардың нормативтік құжаттары «күшіне енген» кезін, «қолданысқа енгізілген» кезін әлі де анық түсінбейтінін айтуға тура келеді [1]. Біздің ойымызша, бұл мәселе өзектілігін бүгінде жоғалтқан жоқ.

Сондықтан, өткен ғасырдан бастап Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгілі бір немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге қатысты «қолданысқа енгізіледі» деген ұғым қолданылғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасы осы күнге дейін «күшіне енді» және «қолданысқа енгізілді» деген дефиницияларға кеңінен анықтама бермейді. Құқық теориясында мемлекет басшысы конституцияда немесе заңда белгіленген мерзімде жүзеге асырған, ресми баспасөз органдарында қабылданған және бекітілген заңның жариялануын білдіретін «жариялау» (promulgation - хабарландыру, халыққа тарату) деген ұғым бар. Тек жарияланғаннан кейін ғана заң, әдетте, міндетті күшке ие болады [2, 559 б.]. Промульгация институты Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген (Конституцияның 44-бабының 2) тармақшасы және басқа да ережелері). Конституцияның 62-бабының 2-тармағы заңдардың Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енетінін белгілейді. Бұл нені білдіреді? Бұл сұрақтың жауабы айқын көрінетін сияқты - заңға мемлекет басшысы қол қойғандықтан, бұл заң күшіне енді, демек, сіз осы заңды басшылыққа ала аласыз. Басқаша айтқанда, республика Президентінің заңға қол қоюы біріншіден, заң шығару органында заң шығару процесінің барлық сатыларынан өткенін және қабылдау рәсіміне байланысты түпкілікті заңды нысанды - Конституциялық заңның немесе Кодекстің нысанын немесе заңның өзін, екіншіден, мемлекет басшысы заңды мақұлдағаннан кейін заң күшіне еніп қана қоймай, барлық қажетті деректемелермен ресми сипатқа ие екендігін білдіреді.

Алайда Қазақстан Республикасында қалыптасқан нормашығармашылық және құқық қолдану практикасы заңның немесе өзге де актінің күшіне енуі осы актіні басшылыққа алуға болатынын білдірмейді. Кеңес уақытында Қазақстанның заңнамалық актілерінде қандай да бір заңнамалық актіні қолданысқа енгізудің нақты күндерін көрсете отырып, «қолданысқа енгізіледі» терминологиясы қолданыла бастады. М.Н. Марченкомен келісу керек, ол былай деп жазды: «Күрделі

және маңызды нормативтік-құқықтық актілер үшін күшіне ену мерзімі барлық басқа нормативтік-құқықтық актілерге қарағанда ұзағырақ болуы тиіс» [2, 308 б.]. Осы жұмыста М.Н. Марченко сілтемеде «Нормативтік актіні қабылдау мен оның қолданылуының басталуы арасында айтарлықтай алшақтық орын алған жағдайларда, көбінесе «оның күшіне енуі» туралы емес, «осы актіні қолданысқа енгізу» туралы айтады [3, 308 б.].

Осыған байланысты заңды іске асырудың (пайдалану, орындау, сақтау және қолдану нысанында) қажетті және басты шарты заңның күшіне енуі емес, заңның немесе өзге де актінің қолданылуы болып табылады. Заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт қолданысқа енгізілгеннен кейін ғана осы заңды басшылыққа алуға болады, яғни бұл жағдайда ғана заңды барлық нысандарда – пайдалану, орындау, сақтау және ең бастысы қолдану нысанында іске асыру мүмкін болады. Заңды немесе өзге де актіні қолданысқа енгізу заң заңды күшіне ие болып қана қоймай, құқық беру, міндеттерді жүктеу және құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті белгілеу жолымен құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастарға да әсер ететінін білдіреді. Бұл мағынада заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу ғана заңды қолдану ғана емес, сонымен қатар барлық өзге нысандарда іске асырудың құқықтық негізі болып табылады.

Сондықтан, мысалы, 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне мемлекет басшысы сол жылдың 3 шілдесінде қол қойып, қол қойылғаннан кейін күшіне енген кезде, соттар мен басқа да құқық қорғау органдары 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін (белгілі бір жағдайларды қоспағанда) осы Кодексті басшылыққа ала алмады, ал 2014 жылдың күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кезінде 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қолдануды жалғастырды.

Бұл ретте күшіне ену де және қолданысқа енгізу де заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің кері күші принципінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл әсіресе заңдық жауапкершілік саласына қатысты. Осылайша, сот төрелігінің принциптерінің бірі Республика Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында бекітілген «жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауаптылық заңмен жойылса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады» деген ереже болып табылады.

Бұл ретте «Құқықтық актілер туралы» заңның 43-бабының 3-тармағы азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайды деп белгілейді. Біздің ойымызша, осы ережеден нормативтік құқықтық актілердің құқықтық жауапкершілік саласында ғана емес, әлеуметтік өмірдің кең саласында кері күші жоқ деп қорытынды жасауға болады.

Келесі сұрақ туындайды: заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің уақытында күшіне енуі оның қолданысқа енгізілуінің алдында міндетті ме? Қазақстан Республикасындағы нормашығармашылық тәжірибе көрсеткендей, мұндай жағдай әрдайым орын алмаған. Мысалы, 2006 жылғы 20 қаңтарда күші жойылған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №123 Қазақстан Республикасының Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁴. Мәселен, осы Кодекс дәл осы Заңның редакциясында 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап, яғни 2006 жылғы 20 қаңтарда өзгерістер мен толықтыруларға Мемлекет басшысы қол қойып, күшіне енгенге дейін үш апта бұрын қолданысқа енгізілді. Бұл жағдайда заңды қолданысқа енгізу оның күшіне енуінің алдында болды.

Басқа мысал келтірсек. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің⁵ 323-бабының 2-тармағы мыналарды белгілейді: «осы Кодекстің 159-бабы 1-тармағының, 295-бабы 3, 4 және 5-тармақтарының салықтар сомасын төлеу бөлігіндегі нормалары Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар бойынша қолданысын сақтайды». Бұл жағдайда Кәсіпкерлік Кодекс 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенге дейін өзінің жекелеген нормаларын қолдану тәртібін айқындайды.

Бұл жерде келесі сұрақ туындайды: оның мазмұнын білместен нормативтік құқықтық актіні қалай пайдалануға, орындауға, сақтауға, ал ең бастысы қалай қолдануға болады, өйткені ол әлі жарияланбағандықтан, күшіне енгенге дейін қолданысқа енгізілді және осылайша ресми жарияланғанға дейін заңды түрде қалай әрекет ете бастады? Біздің ойы-

мызша, бұл жағдайда нормативтік құқықтық акт жарияланғанға дейін қолданыста болған ресми жарияланғаннан кейін жарияланған актіні іске асыруға байланысты мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, азаматтар осы актіні іске асыру үшін өзінің жариялануына дейін қолданысқа енгізілген жарияланған актіні көздейтін құқықтық нәтижеге қол жеткізу үшін іс-қимыл жасауға тиіс. Алайда бұл тәжірибе ақпараттық, құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-қаржылық және тағы басқа сипаттағы бірқатар қолайсыздықтар туындауы мүмкін.

Бұл ретте нормативтік құқықтық акт күшіне енгеннен кейін немесе күшіне енгенге дейін күшіне енгеніне қарамастан, нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізудің қажетті шарты оның күшіне енуі болып табылады. Егер нормативтік құқықтық акт кері күшін көздеген болса да, күшіне енгенге дейін қолданысқа енгізіледі, онда мұндай нормативтік құқықтық актіні құқықтық шығармашылық органда заңдық ресімдеу толық аяқталған кезде ғана мүмкін болады, мысалы, заң жобасы заңға айналды және ол заңда оның қолданысқа енгізілген күнін көрсете отырып күшіне енді. Сондықтан, егер нормативтік құқықтық актіні заңдық ресімдеу аяқталмаған болса, егер акт ресми заңды мәртебесіне (Конституциялық заңның, Кодекстің, Заңның, қаулының және т.б. мәртебесі) ие болмаса, онда ол әлі жоба болып табылады, мұндай акт қоғамдық қатынастарды реттей алмайды.

Бұл ретте, біздің ойымызша, нормативтік құқықтық актілерге қатысты «күшіне енді» және «қолданысқа енгізілді» санаттарының айырмашылығы болып табылады.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 27-бабының 12) тармақшасы қолданылу мерзімі аяқталған нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тануға жатпайды деп белгілейді. Мұндай нормалар, мысалы, олар белгілі бір уақыт кезеңіне қабылданған, ол аяқталғаннан кейін өз қолданысын тоқтатқан 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында бар. Әдетте олар Конституцияның қорытынды бөлігінде болады. «Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өзі сайланған мерзім аяқталғанға дейін өкілеттігін сақтайды» деп белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының

⁴ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы // [Электрон. ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000123>

⁵ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі: 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРПЗ Қазақстан Республикасының Кодексі // [Электрон. ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

94-бабы 2-тармағының нормасы мысал бола алады.

Мәселен, Республика Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасы Қазақстан Республикасының Президенті адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды деп белгілейді. Тиісінше, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы тәртібімен Парламент қабылдаған заңдардың Республика Президенті қол қойғанға дейін ғана емес, яғни заңдарға Республика Президенті қол қойған кезде күшіне енгенге дейін, сондай-ақ күшіне енгеннен кейін де Конституцияға сәйкестігін қарайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында құқық шығармашылық саласында нормативтік құқықтық актіні барлық нысандарда іске асырудың басты және айқындаушы шарты оны қолданысқа енгізу болып табылады деген ереже бұрыннан қалыптасқан. Нормативтік құқықтық актінің күшіне енуі ол қолданысқа

енгізілгенге дейін де, енгізілгеннен кейін де актінің өзіндік «әлеуетті» жай-күйін, ал қолданысқа енгізілуі нормативтік құқықтық актінің «кинетикалық» жай-күйін білдіреді. Бірінші жағдайда нормативтік құқықтық актінің статикалық, ал екіншісінде – динамикалық функциясы көрінеді. Нормативтік құқықтық актінің динамикалық функциясы акт тура қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына тікелей әсер ететінін болжайды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, қоғамдық қатынастарды неғұрлым тиімді құқықтық реттеу мақсатында мынадай сипаттағы ұсыныстар енгізу қажет: заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні олар күшіне енгенге дейін қолданысқа енгізбеу, заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт күшіне енгеннен кейін немесе бір мезгілде күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізу. Заңнамалық акт құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілікті жоятын немесе жеңілдететін немесе азаматтардың жағдайын басқаша жақсартатын жағдайлар ерекше болуы мүмкін кездерді қамтуы мүмкін.

Бұдан басқа, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «нормативтік құқықтық актілердің күшіне енуі» және «нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу» ұғымдарын қисындап мазмұндау қажет болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лоскутов И.Ю. «Вступление в силу...» и «введение в действие...» нормативных правовых актов Республики Казахстан // [Кіру режимі]: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1034300#pos=4;-108
2. Большой юридический словарь / Под ред. А.Я. Сухарева, В.Д. Зорькина, В.Е. Крутских. – М.: ИНФРА-М, 1999. – VI, 790 с.
3. Марченко М.Н. Теория государства и права. Учебник. – М.: Юрид. лит., 1996. – 432 с.

REFERENCES

1. Loskutov I.Ju. «Vstuplenie v silu...» i «vvedenie v dejstvie...» normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan // [Kіru rezhimі]: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1034300#pos=4;-108
2. Bol'shoj juridicheskij slovar' / Pod red. A.Ja. Suhareva, V.D. Zor'kina, V.E. Krutskih. – M.: INFRA-M, 1999. – VI, 790 s.
3. Marchenko M.N. Teorija gosudarstva i prava. Uchebnik. – M.: Jurid. lit., 1996. – 432 s.